
2023-2024 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілген жұмыс анықтамасы

Тақырыбы : «Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты»

Мақсаты: Жас ұрпаққа әлем және қазақ халықтарының көркем шығармаларын насихаттау , каникул уақытында бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру.

Барысы: Оқыған кітабы бойынша кейіпкерлердің суретін салу, шағын әңгіме жазу, кітапты жарнамалау

№3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспары негізінде күзгі демалысты тиімді өткізу мақсатында «Күзде біз жалықпаймыз,кітап оқимыз»тақырыбында 3«а» сынып оқушысыУралбаев Али өзіне ұнаған қызықты «Қиял ғажайып ертегілер» кітабын досымен бірге оқып,қызықты ертегілерді тамашалауда. «Менің ертегі әлемім»тақырыбында 1 «а» сынып оқушысы Шынжырбай Н өзі оқыған «Бауырсақ» ертегісінің суретін салды.4 «а» сынып оқушысы Дүйсенғали Айша поэзия оқуға деген қызығушылығын арттыруда Ы.Алтынсариннің «Кел,балалар оқылық!»өлеңін оқуда.4 «а» сынып оқушысы Қалдыбек Жанел табиғат аясында Ы.Алтынсариннің «Өзен» өлеңін оқиды.Оқыған кітабының оқиға желісін баяндауда 8 «а» сынып оқушысы Фаррахова Альфия Төлен Әбдіктің «Қонақтар»әңгімесін баяндайды. 8 «а» сынып оқушысы Дүйсенгали Меруерт қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар жазушы Төлен Әбдіктің «Оң қол» шығармасын баяндайды.






Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2023-2024 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілген жұмыс анықтамасы


Тақырыбы : «Бір отбасы –бір кітап» «Менің отбасым оқиды» «Отбасының сүйікті кітаптары»
Мақсаты: Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру, оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру кітапхана мен отбасы арасындағы, тұрақты қарым –қатынасты қалыптастыру
Барысы: Отбасымен бірге кітап оқу , кейіпкерлердің суретін салу, ынталандыру,өз ойларымен бөлісу. Акция, оқу марафоны

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көркем әдебиетті оқу арқылы отбасындағы оқу мәдениетін қолдау,кітап оқуға қызығушылығын арттыру ,отбасылық кітап оқуды жаңғырту мақсатында «Бір отбасы-бір кітап» оқу марафоны бойынша 8 «а » сынып оқушысы Темірғали Әйгерім Абайдың 7-ші қарасөзін оқып, анасымен бірге өз ойымен бөлісті.



2023-2024 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілген жұмыс анықтамасы

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында Оқушыларға кітап оқуды насихаттау ,оқу мәдениетін көтеру,оқу сауаттылығын арттыру мақсатында «Мен оқыған кітап» акциясы аясында 6 «б» сынып оқушысы Төлепберген Сезім «Қазақ халық ертегілері » кітабын оқу бойынша «Ит пен мысық адамға қалай дос болады» ертегісін баяндайды. Ит пен мысықтың адамдарға жақсылық жасауы арқылы дос болғанын айтады.



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

«Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы »жобасы аясында Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы Балалар әдебиеті кеңесінің төрағасы танымал жазушы Нұрдәулет Ақыштың «Тау ішіндегі тауқымет» шығармалар жинағын 7 «б» сынып оқушылары таныстырып,бұл жинаққа жазушының жас жеткіншектерге арналған әңгімелері мен хикаяттары енгізілгені туралы айтып өтті.Бұл шығармада балаларға арналған прозалар, әңгімелер, шытырман оқиғалар қамтылғаны,повесттердің қызықты оқиғалары ,әңгімелерімен танысты.



«Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы »жобасы аясында «Әдебиет әлемі» атты кітап оқу акциясы бойынша 7 «б » сынып оқушылары белгілі қаламгер Алаш сыйлығының лауреаты , жазушы Нұрдаулет Ақыштың балаларға арналған «Тау ішіндегі тауқымет» шығармасымен танысып ,оқыды.Жазушының бұл шығармасында балалық шақта басынан кешкен оқиғалары,шытырман оқиғалар жерін,өз Отанын сүюге,патриоттыққа тәрбиелейтін туындыларымен таныс болды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әдебиет әлемі» тақырыбында 9 «б» сынып оқушылары Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романын оқып талқылады.Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек » романы –бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі.Романда көтерілген басты мәселе –қазақ қызының тағдыры мен әйел теңсіздігі.Оқушылар романды оқи отырып ,мазмұны мен негізгі идеясын ұғынды.



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam


2023-2024 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілген жұмыс анықтамасы

Тақырыбы : «Әдебиет әлемі» талдау
Мақсаты: Ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау,оқу мәдениетін дамыту және қолдау,кітап оқу мәдениетін жетілдіру, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру,елжандылыққа баулу.
ақын-жазушыларының шығармаларын сүйетін , дәріптейтін тұлға тәрбиеленеді.

Барысы: «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру,тұрақты кітап оқуға дағдыландыру мақсатында «Әдебиет әлемі» тақырыбында кітап оқу акциясы бойынша 10 «ә» сынып оқушылары қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романын оқып,талқылады.ынып жетекшісі Мусина Г



«Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру,тұрақты кітап оқуға дағдыландыру мақсатында «Әдебиет әлемі» тақырыбында кітап оқу акциясы бойынша 9 «ә» сынып оқушылары Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» атты романын оқып,талқылады.





«Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру,тұрақты кітап оқуға дағдыландыру мақсатында «Әдебиет әлемі» тақырыбында кітап оқу акциясы бойынша 5 «а» сынып оқушылары балалар әдебиетінің бәйтерегі,қазақтың классик жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасын оқып,талқылап өз ойларымен бөлісті.



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2023-2024 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілген жұмыс анықтамасы

Тақырыбы : «Бір сынып-бір кітап» акциясы
Мақсаты: Әртүрлі жанрдағы кітаптарды оқу,кітап оқуға басшылық жасау
Барысы: Білім алушылардың сыныбымен таңдап алған кітаптарын түгел оқуға шақыру, сыныппен оқыған кітаптарын ,кітап кейіпкерлері болып жарнамалау.
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқу мәдениетін дамыту және қолдау,шығарманы насихаттау ,кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында **«Бір сынып-бір кітап»** акциясы бойынша 7 «в» сынып оқушылары Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек » атты кітабын оқып,оқушылар осы кітаптың желісі бойынша өз ойларымен бөлісті.

«Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында кітап оқу мәдениетін дамыту және қолдау , шығармаларды насихаттау ,кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында 5-11 сыныптар аралығында **«Бір сынып-бір кітап»** акциясы ұйымдастырылды.Осы шара негізінде 9 «ә» сынып оқушылары қазақтың ұлы ақыны,философы Абай Құнанбаевтың өмір жолымен, шығармалары мен философиялық ойлары берілген қара сөздерімен танысып,өз ойларын айтып,қарасөздерін оқыды.
Қара сөзі,қара өлеңі қарымды,
Толғайды Абай мұңым менен зарымды
Абай сынды дана туған халықтың
Ұл-қызы да болу керек дарынды.
Абай қарасөздерін1890-1898 жылдар аралығында жазған .Қара сөздерін жазуды бастағанда Абай 45 жаста болған.Ақыл-ойы толысып,жасы кемелденген ,көрген-білгенін ой елегінен өткізіп,сараптар жасқа жеткен кезінде қара сөздерін жазуды қолға алған.Абай қара сөздері – өмір тәжірибесінен туған ой толғамының қорытындысы.





«Бір сынып –бір кітап» акциясы бойынша 8 «ә» сынып оқушылары қазақтың аса көрнекті ағартушысы,ақын ,жазушы,қоғам қайраткері,әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер Міржақып Дулатұлының «Оян,қазақ!» шығармасын оқып,жазушының өмір жолымен, шығармаларымен танысып, өлеңін оқуда.
Көзіңді аш,оян,қазақ,көтер басты,

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam


Өткізбей қараңғыда бекер жасты !
Жер кетті,дін нашарлап, хал hарам боп ,
Қазағым енді жату жарамас –ты!
Міржақып Дулатұлының «Оян,қазақ!»өлең кітабы 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан шыққан.






«Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында кітап оқу мәдениетін дамыту және қолдау ,шығармаларды насихаттау ,кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында 5-11 сыныптар аралығында **«Бір сынып-бір кітап»** акциясы ұйымдастырылды. 8 «а» сынып оқушылары Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері ,халық қаһарманы ,қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасын оқып ,талдады. «Ұшқан ұя» шығармасы жазушының ең танымал туындыларының бірі.Қазақтың салт-дәстүрі ,ғұрпы, ұстанымы, дүниетанымы , әсерлі бейнеленген этнографиялық шығарма. 8 «а» сынып оқушылары Бауыржан Момышұлының өмір жолын баяндап,шығармаларының мазмұнымен танысып, шығарма туралы өз ойларымен бөлісті.







Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2023-2024 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілген жұмыс анықтамасы

Тақырыбы : «20 минут оқы да ,3минут эссе жаз» (үзіліс кезінде бір мезетте ұжыммен кітап оқу)
Мақсаты: Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру , тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.
Барысы: Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру , тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.
«20 минут оқы да ,3минут эссе жаз» (үзіліс кезінде бір мезетте ұжыммен кітап оқу) 10 сынып оқушылары Аманғос Нұрайым орыс тілінде жазылған шығармаларды ұнататыны бойынша Темірғали Аружан «Махаббат қызық мол жылдар»өздері оқыған кітап бойынша өз ойларын жазды

.




Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2023-2024 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілген жұмыс анықтамасы

Тақырыбы : «Кел ,бірге оқиық!»

Мақсаты: Кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру ,жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру, кітап оқуға басшылық жасау.

Барысы: Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру , тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру. Кітап оқу акциясы марафон

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру ,жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру, кітап оқуға басшылық жасау мақсатында 5-11 сыныптар аралығында **«Кел,бірге оқиық!»** тақырыбында кітап оқу акциясы ,оқу марафон жүріп жатыр.Бұл жерде 5 «ә»сынып оқушылары кітапханадан алған кітаптары бойынша таныстырып ,оқушыларды кітап оқуға шақыруда.

Сағидолла Мадина- Төлен Әбдік «Қонақтар»
Талдықбаева Айсұлу – Қазақ халқының ертегілері
Серикова Рахила – Қазақстан еліне сиқырлы саяхат
Талғат Махаббат- Бабадан қалған байлығым
Қажымұқан Алина –Қазақстан еліне сиқырлы саяхат
Ескалиева Еркеназ –Тұрдақын Жексенбай «Бала бүркіт»



Күнделікті кітап оқуды әдетке айналдыру,кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында **«Кел,бірге оқиық!»** кітап оқу акциясына қатысқан 9 «а» сынып оқушылары Әйтеке бидің «Қасқакөл дауы» шығармасын оқып,өз ойларымен бөлісті.




«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырмандарды кітап оқуға шақыру,кітаптың өмірдегі маңызы туралы,кітап оқуға деген қызығушылығын,сүйіспеншілігін арттыруда «Кел, бірге оқиық»тақырыбында кітап оқу акциясына 8 «а» сынып оқушылары белсене қатысты.Оқушылар өздері оқып жатқан кітаптары бойынша алған әсерлерімен бөлісіп ,өз ойларын айтты.

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырмандарды кітап оқуға шақыру,тарту одан әсер алуға баулу,кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Кел,бірге оқиық!»атты кітап оқу акциясы бойынша 8 «а» сынып оқушысы Жемисова Еркеназ Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» кітабын оқып,өз ойымен бөлісуде. Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы жоғарғы сынып оқушыларын әдеби - классик жазушылардың шығармаларын оқуға тарту жұмыстары жүргізілді. Қазіргі заман талабымен буктрейлер, бейнероликтер түсіріп, оқыған кітабын жарнамалап насихаттады.



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam